М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті»

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

БЕКІТЕМІН

М. Қозыбаев атындағы СҚУ

Басқарма Төрағасы – Ректоры

_____ Е. Исақаев

2025 жылғы «_23_» __қаңтар__

ПРОЦЕДУРА

ҚЫЗМЕТТІК ҚҰЖАТТАМА

Код	Басылым	Үдеріске жауапты
СҚУ ПРО 403-25	жетінші	Г. Мусрепов

Петропавл қ., 2025

Мазмұны

1. Жалпы ережелер....2
2. Нормативтік сілтемелер....2
3. Терминдер мен анықтамалар....3
4. Белгілеулер мен қысқартулар....4
5. Негізгі талаптар....4
6. Бұйрықтарды шығару тәртібі....5
7. Кеңестерді хаттамалау тәртібі....6
8. Қызметтік, баяндамалық және түсініктеме жазбалар....7
9. Шығыс хат-хабар....8
10. Кіріс хат-хабар....9
11. Бөлімшелерде іс жүргізу....11
12. Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару....12
А. Бұйрықтарды ресімдеуге қойылатын талаптар....13
Б. Бұйрықтарды енгізу, келісу және қол қою регламенті....14
В. Хаттамаларды ресімдеуге қойылатын талаптар....16
Г. Хаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар....17
Д. Іскерлік хат алмасуда қолданылатын жалпы қабылданған тұжырымдар....18
Е. «Қызметтік құжаттама» үдерісінің блок-тәсімі....22

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Қызметтік құжаттама» процедурасы (әрі қарай — Процедура немесе СҚУ ПРО) «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ (әрі қарай – Университет) жалпы іс жүргізудің қызметтік құжаттамасын басқару мақсатында әзірленді.

1.2. Осы процедураның талаптары Университеттің келесі қызметтік құжаттарына **қолданылады**:

- бұйрық;
- өкім;
- хаттама;
- қызметтік, баяндама хат және түсінікхат;
- ұсыныс;
- хат.

1.3. Процедура қызметтік құжаттаманы ресімдеу кезінде Университеттің барлық қызметкерлерімен орындалуға **міндетті**.

1.4. Университетте құжат айналымын ұйымдастыру бойынша барлық жұмыстарды Ректор кеңсесінің жетекшісі, бөлімшелерде бөлімше жетекшілері немесе іс жүргізу бойынша міндеттерді атқаратын тұлғалар **бақылайды**.

1.5. Көрнекілік үшін Е қосымшасында «Қызметтік құжаттама» үдерісінің кіріс/шығыс блок-тәсімі мен матрицасы **ұсынылған**.

1.6. Осы процедура Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және менеджмент жүйелеріне тексерістер жүргізу кезіндегі сертификаттау органдарының аудиторларынан, сонымен қатар Университет Басқарма Төрағасы – Ректорымен рұқсат етілген серіктес-тұтынушылардан (олардың талаптары бойынша) басқа жақтарға ұсынуға жатпайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Осы процедура келесі нормативтік құжаттардың талаптарының есепке алынуымен әзірленді:

ҚР СТ 1037-2001	Іс жүргізу және мұрағат ісі. Терминдер және анықтамалар.
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 қаулысы	Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы
СҚУ ПРО 401-23	Ішкі нормативтік құжаттама.
СҚУ ДК 07	«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ Басқармасы туралы ереже.

2.2. Осы процедура келесі үлгілерді әрекетке енгізеді:

СҚУ Н 403-01-25	Бұйрық.
СҚУ Н 403-02-25	Өкім.
СҚУ Н 403-03-25	Хаттама.
СҚУ Н 403-04-25	Қызметтік, баяндама хат.
СҚУ Н 403-06-25	Бұйрықтарды тіркеу журналы.
СҚУ Н 403-07-25	Өкімдерді тіркеу журналы.
СҚУ Н 403-08-25	Хаттамаларды тіркеу журналы.
СҚУ Н 403-09-25	Шығыс хат-хабарларды тіркеу журналы.
СҚУ Н 403-10-25	Кіріс хат-хабарларды тіркеу журналы.
СҚУ Н 403-11-25	Телефонограммаларды тіркеу журналы.
СҚУ Н 403-12-25	Бұйрық көшірмесі.
СҚУ Н 403-13-25	Түсінікхат.
СҚУ Н 403-14-25	Ұсыныс.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Хат	ақпарат алмастыру қызметін атқаратын және құқылы болып табылатын түрлі байланыс арналар арқылы жіберілетін, түрлі мазмұндағы құжаттардың жалпыланған атауы.
Түпнұсқа	түпнұсқалы қолтаңбамен ресімделген, келісім берілген және бекітілген шынайы деректемелері бар құжат данасы.
Бұйрық	Университеттің жедел және перспективалық мәселелерін шешу мақсатында өкілеттіктерді бөлу туралы бұйрыққа сәйкес бұйрыққа қол қою жөніндегі өкілеттіктер жүктелген. Университет Басқарма Төрағасы – Ректорымен немесе Басқарма мүшесімен шығарылатын өкімгерлік құжат.
Өкім	жедел сұрақтарды шешу мақсатында Басқарма Төрағасы – Ректормен, Басқарма мүшелерімен, факультет декандарымен шығарылатын өкімгерлік құжат.
Хаттама	отырыс, жиналыс, конференцияларда және т.б. қарастырылған сұрақтар мен қабылданған шешімдердің әрекеттерін тіркейтін құжат.
Телефонограмма	телефон арқылы ауызша хабарлама.
Қызметтік хат	бөлімшеден немесе лауазымды тұлғадан шығатын және Университет ішіндегі кез келген адресатқа бағытталған құжат.
Баяндама хат	жоғарыда тұрған басшылыққа жолданылатын және оған болған жағдай, оқиға орны немесе дерегі, орындалған жұмыс туралы мәлімдейтін, қорытындылар мен әзірлеушінің ұсыныстарынан тұратын құжат.
Түсінікхат	қандайда бір оқиғаның, деректің, әрекеттің себебін түсіндіретін құжат.
Ұсыныс	Университеттің құрылымдық бөлімше басшысынан шығатын, Басқарма Төрағасы – Ректорға жолданған, қызметтік кейіптегі өтініштен тұратын құжат.

Уәкілетті тұлға	Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығына және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес қол қою құқығы берілген Басқарма мүшесі

4. БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар.
ЭЖҚД	Экономикалық жоспарлау және қаржы департаменті.
СҚУ ПРО	Университет процедурасы.
ПБҚ	Персоналды басқару қызметі.
Университет	«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ.
ЭСҚ	Электрондық сандық қолтаңба.
ЗБ	Заң бөлімі
ЭҚЖ	Электрондық құжат айналымы жүйесі.
РеК	Ректордың кеңсесі.
ҮББИ	Үздіксіз білім беру институты.
ДОжМО	Дуальды оқыту және мансап орталығы.
Кеңсе	Ректор Кеңсесінің құрамындағы бөлімше
СЖҚКҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі
СЖЖД	Студенттермен жұмыс жүргізу департаменті
ЖББББП	Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы
ЭҚАЖ	Электрондық құжат айналым жүйесі
МО ЭҚАБЖ	Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі

5. НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

5.1. Құжаттама: хаттар, хаттамалар, қызметтік жазбалар, бұйрықтар, өкімдер, баяндамалық жазбалар, ұсынымдар мемлекеттік тілде немесе екі тілде – мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімделеді.

5.2. Қызметтік құжаттамаға жататын құжаттар компьютер және баспа құрылғылардың көмегі арқылы А4 форматындағы таза ақ парақшаларда ресімделеді және келесі шамаларды қамтиды:

- 30 мм – сол жақтан;
- 15 мм – оң жақтан;
- 20 мм – жоғарыдан;
- 20 мм – төменнен

5.3. Құжат мәтіні 14 мөлшерлі Times New Roman қаріп түрінде, бір жоларалық интервалмен басылады. Кестелерді, қосымшаларды, орындаушы туралы белгіні, ескертпелерді ресімдеу кезінде қаріп өлшемін және жоларалық интервалды өзгертуге жол беріледі.

5.4. Құжатты екі немесе одан да көп бетте ресімдеу кезінде екінші және келесі беттер нөмірленеді.

5.5. Бұйрықтарда, өкімдерде, хаттамаларда, хаттарда құжаттың күні былайша ресімделеді: айдың күні мен жылы араб цифрларымен, айы – жазумен ресімделеді. Басқа құжаттарда – айдың күні мен айы сандық түрде екі жұп араб цифрымен, жыл төрт араб цифрымен бөлінген.

5.6. Құжаттардың орындалуын бақылау құжатты бақылауға қоюды, орындалу барысын реттеуді, орындалған құжатты бақылаудан алуды, орындалған құжатты іске жіберуді, құжаттардың орындалу барысы мен нәтижелерін есепке алуды, жинақтауды және талдауды, басшылықты құжаттардың орындалу жай-күйі туралы хабардар етуді қамтиды. Бақылауға жататын құжаттардың және жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің, хабарламаларының, сұрау салуларының, жауаптары мен ұсыныстарының орындалуы туралы мәліметтер Мемлекеттік және

мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына 16 және 17-қосымшаларға сәйкес толтырылады.

5.7. Орындауды талап ететін барлық тіркелген құжаттар бақылауға жатады.

5.8. Құжаттардың орындалуын бақылауды Кеңсе меңгерушісі жүзеге асырады.

6. БҰЙРЫҚТАРДЫ ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

6.1. Бұйрықтармен құқықтық сипаттағы, сондай-ақ жедел, ұйымдастырушылық, кадрлық (қабылдау, тағайындау, ауыстыру, қоса атқару, жұмыстан босату, аттестаттау, біліктілікті арттыру, атақтар беру, тегін өзгерту, көтермелеу, марапаттау, тәртіптік жаза қолдану, еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы беру, әртүрлі төлемдер, қызметкерлердің демалыстарының барлық түрлері, негізгі қызмет бейіні бойынша кезекшіліктер, іссапарлар) және басқа да мәселелер бойынша шешімдер ресімделеді.

6.2. Бұйрық жобасын дайындайды:

- HR-қызмет кадрлық мәселелерді ресімдеу үшін;
- бөлімшелердің жетекшілері;
- Кеңсе Басқарма Төрағасы – Ректордың нұсқауы бойынша;
- тиісті өкілеттіктері мен басшылықтың тікелей нұсқаулары бар басқа жауапты тұлғалар.

6.3. Өкімдерді Басқарма Төрағасы – Ректор немесе Басқарма мүшелері университеттің күнделікті оқу, ғылыми, тәрбие, шаруашылық және әкімшілік қызметінің жедел мәселелері бойынша шығарады. Өкімдер факультет деканымен, факультет қызметінің жедел мәселелері бойынша кафедра меңгерушілерімен шығарыла алады.

6.4. Бұйрықтың қолданылу мерзімі шектеулі және орындаушылардың (құрылымдық бөлімшелердің) тар шеңберіне қолданылады. Өкім мәтінінде:

- нақты тапсырма (жұмыс);
- орындаушының жауапкершілігі;
- орындау мерзімі.

6.5. Бұйрық/өкім жобасын дайындар кезде:

- 2013 және одан жоғары MS WORD нұсқаларында бұйрық үшін (формат docx) СҚУ Н 403-01-25 немесе өкім үшін СҚУ Н 403-02-25 нысанын пайдаланып файл жасаған;
- бұйрықты ресімдеуге қойылатын талаптарды басшылыққа алған (Қосымша А);
- ЭҚЖ-да тиісті үлгідегі «Бұйрық» құжатын жасаған:
  - барлық бөлімшелер үшін: НҚ – негізгі қызмет бойынша бұйрықтар,
  - АҚБ үшін: КО – күндізгі оқыту бойынша алдын ала бұйрықтар,
  - ҮББИ үшін: БАИ – ҮББИ бойынша бұйрықтар,
  - HR-қызметкерге арналған, ҒД, СЖЖД: І – іссапарлар бойынша бұйрықтар,
  - HR-қызметкерге арналған: ЖҚ – жеке құрам бойынша бұйрықтар,
  - HR-қызметкерге арналған: Д – демалыс бойынша бұйрықтар,
  - ДОжМО үшін: П – практика бойынша бұйрықтар;
- құжатты қазақ тілінде және жасалатын түпнұсқалық құжатты орыс немесе өзге тілде немесе екі және одан да көп тілде жекелеген бланкілерде (жекелеген парақтарда) басып шығару және оларды бірыңғай деректемелермен рәсімдеу;

- ЭҚЖ-да келісуші тұлғаларды таңдау кезінде бірінші кезекте кеңсе басшысын және келісудің дәйекті түрін көрсету, басқа келісушілер үшін келісудің параллель түрін таңдау;
- Б қосымшасында ұсынылған бұйрықтарды/өкімдерді енгізу, келісу және оларға қол қою регламентін басшылыққа алған жөн.

6.6. Бұйрықтың/өкімнің жобаларын қарау және оны келісу екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

6.7. Кеңсе ЭҚЖ-да бұйрықты/өкімді келісу процесінде оның рәсімделуін тексереді, сондай-ақ қосымшалардың толықтығы мен дұрыстығын тексереді: бұйрықта/өкімде көрсетілген барлық қосымшалар оған қоса берілуі тиіс, сондай-ақ міндетті түрде бұйрық/өкім мәтіні бар MS Word файлы қоса берілуі тиіс (СҚУ Н 403-01-25). Ескертулер болған жағдайда Кеңсе бұйрықты келістірмейді және оны ЭҚЖ арқылы орындаушыға пысықтауға жібереді.

6.8. Ескертулер болған кезде бұйрық/өкім жобасын әзірлеуші бұйрықтың/өкімнің жаңа нұсқасын жасайды, оған өзгерістер енгізеді және бұйрықты/өкімді келісуге жібереді.

6.9. Бұйрық/өкім үшін негіз болып табылатын қызметкерлердің жеке өтініштері қолмен жазылады және Басқарма Төрағасы – Ректордың атына қызметтік жазбаға қосымша түрінде ЭҚЖ-ға бөлім басшысы жүктейді. Бөлімшеде басшы болмаған жағдайда өтініш беруші ЭҚЖ-ға жүктеу үшін өз өтінішін Кеңсеге береді. Қызметтік жазба Департамент директорымен (бар болса), HR-қызметінің жетекшісімен, ЗБ жетекшісімен, ЭЖҚД-бас есепшімен директорымен және Басқарманың жетекшілік ететін мүшесімен (директормен) немесе оны алмастырушы адаммен келісіледі.

Өтініш қағаз тасығышта келісуден өтуі мүмкін. Бұл жағдайда, ЭҚЖ-ға өтінішті жүктемес бұрын, онда тікелей жетекшінің, Департамент директорының (бар болса), HR-қызметінің жетекшісінің, ЗБ жетекшісінің, ЭЖҚД директорының, Басқарманың жетекшілік ететін мүшесінің (директордың) немесе оларды алмастыратын адамдардың визалары болуы тиіс.

6.10. Бұйрыққа/өкімге Басқарма Төрағасы – Ректор немесе өкілеттіктерді бөлу туралы бұйрыққа сәйкес қол қою жөніндегі өкілеттіктер жүктелген Басқарма мүшесі қол қояды.

6.11. Қол қойылғаннан кейін Кеңсе бұйрықты/өкімді тіркейді. Тіркелгеннен кейін Кеңсе қажет болған жағдайда бұйрықтың/өкімнің мәтінінде көрсетілген ЭҚЖ адамдарға танысу үшін бұйрықты/өкімді жібереді.

6.12. Бөлімше басшысы немесе оның орнындағы адам ЭҚЖ-ға бағынысты қызметкердің мүделлерін қозғайтын бұйрық алған жағдайда, үш жұмыс күні ішінде қызметкердің бұйрықпен танысу журналымен танысуын қамтамасыз етуге міндетті.

6.13. Бұйрықтар/өкімдер және бар болған жағдайда тарату парақтары тұрақты сақталатын істерге тігіледі. Бұйрықтардың әр түрі үшін жеке іс басталады.

6.14. Электрондық құжат айналымы жағдайында бұйрықтар электрондық істерге қалыптастырылады. Бұйрықтардың әр түрі үшін жеке электрондық іс басталады.

6.15. Бұйрықтар бекітілген номенклатураға сәйкес белгілі бір жылдар санында сақталады.

7. КЕҢЕСТЕРДІ ХАТТАМАЛАУ ТӘРТІБІ

7.1. Университеттің жоғары басшылығының және алқалы органдарының кеңестері (жиналыстары, отырыстары) хаттамаланады.

7.2. Ережеге сай, хаттаманы кеңес хатшысы немесе хаттаманы жүргізуге жауапты болып арнайы тағайындалған тұлға жүргізеді және ресімдейді.

7.3. Хаттаманы жүргізуге жауапты:

- қатысушылар тізімін құрайды;
- кеңестің өту барысы мен қабылданған шешімдер бойынша жазба жүргізеді;
- В қосымшасында орналасқан талаптарды ескере отырып хаттаманы мемлекеттік және орыс тілінде ресімдейді. Хаттаманы СҚУ Н 403-03-25 үлгісі негізінде ресімдеу ұсынылады;
- хаттаманы келісуді және бекітуді қамтамасыз етеді;
- хаттаманы Хаттамаларды тіркеу журналына (СҚУ Н 403-08-25) тіркейді;
- хаттамаға Хаттамаларды тіркеу журналында белгіленген реттік нөмірін қояды;
- қажетті болған жағдайда хаттамамен таныстыруды қол қою бойынша қамтамасыз етеді;
- қажетті болған жағдайда хаттама көшірмелерін (немесе хаттамадан үзінділерді) дайындайды және барлық мүдделі тұлғаларға, ережеге сай, тиісті бөлімше жетекшілеріне таратады. Хаттама көшірмесін қолтаңба бойынша алғандығы жайлы тіркеу жүргізу үшін тарату тізімін түпнұсқаға тігу ұсынылады;
- тұрақты сақталу үшін хаттаманы тиісті іс-қағазға орналастырады.

7.4. Хаттамаларды ЭҚЖ арқылы ресімдеуге жол беріледі. Бұл жағдайда ресімдеуге қойылатын барлық талаптар сақталады, келісу және бекіту процесі ЭСҚ пайдалана отырып ЭҚЖ-да жүргізіледі, хаттаманы тіркеу автоматты түрде жүргізіледі, танысу ЭҚЖ арқылы да жүргізіледі, танысу фактісі ЭҚЖ-да автоматты түрде тіркеледі.

7.5. Хаттамаға оны жүргізуге тағайындалған лауазымды тұлға немесе төраға мен хатшы (олар болған уақытта) қол қояды. Басқарма мен Ғылыми кеңес отырысының хаттамасына келісім берілген соң Басқарма Төрағасы – Ректор қол қояды.

7.6. Алқалы орган өз шешімімен хатшыға әр сөз сөйлеушіні оның сөзінің жазбасымен таныстыруға және сөз сөйлеушінің сөзінің жазбасымен келіскенін растау үшін оның қолын алуға міндеттей алады.

7.7. Басқарма отырысының хаттамасы СҚУ ДК 07 талаптарына сәйкес ресімделеді және бекітіледі.

8. ҚЫЗМЕТТІК, БАЯНДАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ТҮСІНІКТЕМЕ ЖАЗБАЛАР

8.1. Баяндамалық, қызметтік және түсіндірме жазбалар жедел басқару үшін қажет және олардың көмегімен ұйым ішінде ақпарат алмасу жүреді.

8.2. *Қызметтік жазба* – бұл бір ұйымдағы немесе жоғары басшылықтағы басқа бөлімшедегі жетекшісінің атына қызметкер немесе бөлім жетекшісі жасаған құжат. Қызметтік жазбаның көмегімен тек қызметтік мәселелер шешіледі, департаменттер мен бөлімдер арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Ол әдетте шаруашылық, материалдық-техникалық, ақпараттық қамтамасыз ету және т.б. мәселелерді көрсетеді. Қызметтік жазба ЭҚЖ-да ресімделеді.

8.3. *Баяндамалық жазба* – бұл ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің жетекшісіне жолданған құжат. Баяндамада қандай да бір мәселе мұқият баяндалады, басқаша айтқанда, туындаған жағдай баяндалады және басшылықты тиісті шаралар немесе белгілі бір шешім қабылдауға итермелеу мақсаты көзделеді. Баяндама жазбасы ЭҚЖ-да ресімделеді.

8.4. *Түсініктеме жазба* – негізгі құжаттың (жоспардың, бағдарламаның, есептің және т.б.) жекелеген ережелерінің мазмұнын түсіндіретін немесе еңбек тәртібін бұзудың, қандай да бір тапсырманы орындамаудың себептерін түсіндіретін құжат. Түсініктеме жазбасы ЭҚЖ-да ресімделеді.

8.5. Қызметтік, баяндамалық немесе түсінік хаттың мәтіні екі бөлімнен тұруы тиіс:

- бірінші бөлімде қызметтік, баяндама немесе түсінік хаттың құрылуына себепші болған деректер баяндалуы тиіс;
- екінші бөлімде қорытынды болуы тиіс (түсіндіруді қажет етпейтін сұрақтар бойынша, сондай-ақ, жолдама сипаттағы хаттардан басқа).

8.6. Қызметтік, баяндамалық немесе түсініктеме жазбаға оның авторы қол қояды және қажетті болған жағдайда жоғары тұрған басшымен (құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Басқарма мүшесімен, Департамент директорымен) келісіледі.

8.7. Басқарма Төрағасы – Ректордың атына қызметтік жазбалар міндетті түрде Ректор кеңсесінің жетекшісімен келісіледі.

8.8. Басқарма Төрағасы – Ректордың атына қаржы мәселелері жөніндегі қызметтік жазбалар міндетті түрде Қаржы директоры, ЭЖҚД директоры – бас есепші, ЗБ жетекшісі және Ректор кеңсесінің жетекшісі, сондай-ақ жетекшілік ететін Басқарма мүшесі келіседі.

8.9. Қызметтік, баяндамалық, түсіндірме жазбаларды тіркеу ЭҚЖ-да қол қойылғаннан кейін автоматты түрде жүргізіледі.

8.10. Бөлімше жетекшісі қызметтік, баяндамалық немесе түсініктеме жазбаларды алғаннан кейін оларды келіп түскен күні қарайды және орындауға қабылдайды.

8.11. Қарарда көрсетілген шешімді орындаушы жауап дайындайды немесе тапсырманы қызметтік жазбада көрсетілген мерзімге сәйкес немесе, егер мерзімдер көрсетілмесе, екі жұмыс күні ішінде орындайды.

8.12. Ұсыныс

8.12.1. Ұсыныс құрылымдық бөлімше жетекшісінен ЭҚЖ Университет Басқарма Төрағасы – Ректорының атына ресімделеді.

8.12.2. Ұсыну арқылы автор келесі сипаттағы ресми өтінішті ұсынады:

- лауазымға тағайындау туралы;
- наградамен көтермелеу туралы;
- контингент қозғалысы туралы және т.б.

8.12.3. Ұсынысқа құрылымдық бөлімше жетекшісі қол қояды. Ұсыныс күні қол қойылған күн болып табылады.

8.12.4. Ұсыныс мәтіні екі бөлімнен тұруы тиіс:

- бірінші бөлімде өтініштің негіздемесі, сондай-ақ, деректер немесе өтінішті нықтайтын басқа да оқиғалардың немесе құжаттардың сілтемелерінен тұруы тиіс;
- екінші бөлімде тікелей өтініштің өзі ұсыныста сөз қозғалған тұлғаның толық аты жөнімен көрсетілуі тиіс.

8.12.5. Көп жағдайда ұсыныс бұйрық шығарудың негізі болып табылады.

8.12.6. Ұсыныстарды ресімдеу үшін СҚУ Н 403-14-25 үлгісін қолдану ұсынылады.

9. ШЫҒЫС ХАТ-ХАБАР

9.1. Шығыс хатты ресімдеу

9.1.1. Университеттегі хаттар ЭҚЖ арқылы ресімделеді.

9.1.2. Хат жобаларын ЭҚЖ-ға Университеттің бөлімше жетекшілері мен жауапты тұлғалар жоғары басшылықтың нұсқауы бойынша немесе өзінің бастауы бойынша дайындай алады.

9.1.3. Хаттар Басқарма Төрағасы – Ректордың атынан немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның атынан ресімделеді.

9.1.4. Хаттың жобасын дайындар кезде:

- ЭҚЖ-да көзделген хат үлгісін пайдаланған;
- құжатты қазақ тілінде және жасалатын түпнұсқалық құжатты орыс немесе

өзге тілде немесе екі және одан да көп тілде жекелеген бланкілерде (жекелеген парақтарда) басып шығару және оларды бірыңғай деректемелермен рәсімдеу;

- хаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптарды (Г қосымшасы) және жалпы қабылданған тұжырымдарды (Д қосымшасы) басшылыққа алған;
- хатта хабарланған барлық деректер мен фактілерді тексерген жөн.

9.1.5. Хабарламаларға, ұсыныстарға, жауаптарға, сұрау салуларға жауаптар мазмұны бойынша негізді және дәлелді, мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, қабылданған шешімге шағым беру құқығын түсіндіре отырып, өтініш берушінің дәлелдерін теріске шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

9.1.6. Орындаушы ЭҚЖ-да хаттың мәтінін барлық мүдделі тұлғалармен келісуге тиіс, Басқарма Төрағасы – Ректордың атынан хат ресімдеу кезінде хат міндетті түрде Ректор кеңсесінің жетекшісімен келісіледі.

9.1.7. Басқарма Төрағасы – Ректор немесе уәкілетті тұлға ЭСҚ пайдалана отырып хатқа қол қояды.

9.1.8. Қол қойылғаннан кейін хат Кеңсеге тіркеуге түседі. Тіркеу шығыс хат хабарларды тіркеудің электрондық журналында автоматты түрде жүзеге асырылады.

9.1.9. Тіркелгеннен кейін Кеңсе хат жіберуді орындаушы таңдаған жіберу тәсіліне сәйкес жүзеге асырады.

9.2. Шығыс хат-хабарларды жеткізу

9.2.1. Кеңсе маманы ресімделген хаттарды адресатқа жібергені үшін дербес жауапты болады.

9.2.2. Барлық электрондық хаттар тек университеттің mail@ku.edu.kz ресми электрондық мекен-жайынан жіберіледі.

9.2.3. Хатты электрондық пошта арқылы жіберген кезде оның сенімділігі мен файлдардың оқылуы алдын-ала тексеріледі.

9.2.4. Хатты ЭҚЖ (ЭҚАЖ, МО ЭҚАБЖ) ішкі механизмдерімен жіберген кезде кеңсе меңгерушісі жеткізу туралы тиісті хабарламаларды қадағалауға және жеткізу проблемалары болған жағдайда мәселені шешу үшін ЭҚЖ қызмет провайдеріне уақтылы жүгінуге міндетті.

9.2.5. Хаттарды қарапайым немесе тіркелген пошта арқылы жіберуге болады. Бағалы қағаздар, еңбек кітапшалары және т.б. тіркелген пошта арқылы жіберіледі. Үлкен көлемдегі құжаттар сәлемдемемен жіберілуі мүмкін.

9.2.6. Пошта арқылы жіберген кезде Кеңсе:

- қажетті болған жағдайда хатты түрлендіреді;
- хаттың/құжаттың жіберілуін ұйымдастырады.

9.2.7. Бандерол түрінде жіберуді талап ететін құжаттар, сәлемдемелер алынған құжаттарға түбіртек жазатын пошта курьеріне беріледі. Жіберуге арналған түбіртектер ай сайынғы есеп формасында ЭЖҚД-не тапсырылады.

10. КІРІС ХАТ-ХАБАР

10.1. Кіріс хат-хабарды өңдеу

10.1.1. Жеткізу түріне қарамастан, бөгде адамдар мен ұйымдардан келіп түскен барлық кіріс құжаттамасы бөлімшелердегі жеке электрондық пошта және факс арқылы алынған хат-хабарлардан басқа, Кеңсеге түсуге тиіс.

10.1.2. Кеңсе кіріс хат-хабарлары келіп түсетін ресми корпоративтік почтаны және электрондық жүйелерді (оның ішінде ЖББББП) күнделікті тексеруді қамтамасыз етеді.

10.1.3. Кеңсеге келіп түсетін барлық хат-хабар оны алған күні немесе жұмыс істемейтін

күндері келіп түскен кезде бірінші жұмыс күні өңделеді. «Шұғыл түрде» деген белгісі бар хат-хабар - бірінші кезекте.

10.1.4. Университетке қате келіп түскен құжаттар құрылғылар бойынша екі жұмыс күні ішінде қайта жіберіледі немесе жіберушіге қайтарылады.

10.1.5. Кеңседе электрондық құжатты бастапқы өңдеу қамтиды: вирустардың болуын, құжаттардың оқылуын және толықтығын тексеруді. Құжаттың бір бөлігі болмаған немесе оны қайта шығару мүмкін болмаған жағдайда Кеңсе құжатты жөнелтушімен байланысады және жаңа нұсқаның алынуын қамтамасыз етеді.

10.1.6. Келіп түскен хат-хабарды Кеңсе қызметкерлері конверттер мен пакеттердің бүтіндігін, сондай-ақ ресімдеудің дұрыстығын қарайды. Конверттер (Университет қызметкерлеріне жеке жолданған хаттардан, құжаттардан басқа) ашылады. Құжаттар жауап беруді талап ететін және талап етпейтін болып бөлінеді.

10.1.7. Хат-хабар Кеңседе мынадай топтарға сұрыпталады:

- тіркелмейтін хат-хабар:
  - отырыс, жиналыс және күн тәртібі туралы хабарлама;
  - хабарлауға арналған мәліметтер мен ақпарат;
  - оқу жоспарлары, бағдарламалары;
  - жарнамалық хабарламалар, плакаттар, кеңес, конференция, келу бағдарламалары және т.б.;
  - бағанамалар, прайс-листтер;
  - техникалық шарттар;
  - материалдар шығынының нормалары мен нормативтері;
  - құттықтау хаттар;
  - шақыру билеттері;
  - іссапарларға рұқсат беру туралы жеделхаттар мен хаттар;
  - баспа басылымдары (кітаптар, журналдар, бюллетеньдер, каталогтар);
  - статистикалық есептілік нысандары;
  - бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттары;
  - айлық, тоқсандық және басқа есептер;
  - тақырыптар бойынша ғылыми есептер;
  - кадрлар бойынша есептік деректер;
  - «жекелей» деген белгісі бар кәсіпорынның қызметкерлеріне адрестелген хат-хабар.
- хат-хабар ЭҚЖ-да тіркеледі.

10.1.8. Қағаз нұсқада келіп түскен және ЭҚЖ-да тіркеуді талап ететін хат-хабарды Кеңсе сканерлейді және PDF форматқа ауыстырады. Бір құжатқа қосымшалар бір файлға сақталады.

10.1.9. Кіріс хат-хабарларын ЭҚЖ-ға орналастырған кезде келіп түскен әрбір құжатқа электрондық тіркеу карточкасы ресімделеді.

10.1.10. Электрондық тіркеу карточкасына келіп түскен құжаттың тіркеу нөмірі (индексі) мен күні автоматты түрде қойылады.

10.1.11. Электрондық тіркеу карточкасына негізгі құжаты бар файл және қосымшасы бар файл қоса тіркеледі. Егер бірнеше файл болса, мұрағат файлын құруға және бекітуге рұқсат етіледі.

10.1.12. Кеңсе кіріс хат-хабарларын бірінші орындаушыға: Басқарма Төрағасы – Ректорға немесе Басқарма мүшелеріне, олардың лауазымдық нұсқаулықтары мен өкілеттіктерді бөлу туралы бұйрығына сәйкес жібереді.

10.1.13. Тіркелмейтін хат-хабарды беруді Кеңсе университет қызметкеріне жеке жолданған құжаттардан басқа құжаттың маңыздылығына қарай жүргізеді. Бұл жағдайда хат-хабар адресатқа (немесе ол болмаған жағдайда – оның басшысына) беріледі.

10.1.14. ЭҚЖ-да құжатты алған кезде Басқарма Төрағасы – Ректор немесе уәкілетті тұлға:

- құжаттың және қосымшалардың мазмұнымен танысады;
- бекітілген ұйымдық құрылымға сәйкес оған тікелей бағынатын қызметкерлер арасынан орындаушыларды анықтайды және көрсетеді;
- әрбір орындаушы үшін қарар айқындайды және қажет болған жағдайда түсініктеме көрсетеді;
- егер құжатты бірнеше бөлімшелер немесе орындаушылар орындауға тиіс болса, бекітілген ұйымдық құрылымға сәйкес оған тікелей бағынатын қызметкерлер арасынан жауапты орындаушыны айқындайды және көрсетеді.

10.1.15. ЭҚЖ-да тіркелген лауазымды тұлғалар мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары күн сайын міндетті түрде өздері жіберген құжаттарды тексереді және қарайды.

10.1.16. Құжаттың жауапты орындаушысы болып тағайындалған лауазымды адам құжаттың барлық орындаушыларынан қажетті ақпаратты жинауды, оны кейіннен өңдеуді және жауапты ресімдеуді жүзеге асырады.

10.1.17. Құжаттың алғашқы орындаушылары қарарды орындайды немесе өз кезегінде хатты құрылымдық бөлімшелердің бағынышты жетекшілеріне орындауға қайта бағыттау құқығы бар. Хатты тапсыру кезінде Басқарма Төрағасы – Ректор немесе Уәкілетті тұлға қойған қарарды ескеру қажет. Келесі қарар алдыңғыға қайшы келмеуі керек.

10.1.18. Хатқа жауап беру қажеттілігі болмаған жағдайда, орындаушы бірінші орындаушымен келісе отырып, хатпен жұмысты аяқтауға құқылы.

10.1.19. Хаттың орындалуына немесе оның аяқталуы туралы шешімге бірінші орындаушы жауапты болады.

10.2. Қарардың орындалуын бақылау

10.2.1. Кеңсе меңгерушісі қарардың орындалуына жауап береді.

10.2.2. Кеңсе меңгерушісі күн сайын ЭҚЖ-да Басқарма Төрағасы – Ректор қарарларының орындалуына мониторинг жүргізуді жүзеге асырады.

10.2.3. Ректор кеңсе жетекшісі Басқарма Төрағасы – Ректор қарарларының орындалуына мониторинг жүргізу бойынша Кеңсенің жұмысын үйлестіреді.

10.2.4. Жауапты талап ететін ЭҚЖ-дағы хат, егер жауап ретінде дайындалған университеттің шығыс хатына Басқарма Төрағасы – Ректордың ЭСҚ пайдалана отырып қолы қойылса, тіркелсе және адресатқа жіберілсе, орындалған және іс жүргізуде аяқталған болып есептеледі.

10.2.5. Қарарды орындаушы белгіленген мерзімде жауап бермеген жағдайда, Кеңсе меңгерушісі оған еске салуға, ал қайталанған жағдайда – Басқарма Төрағасы – Ректорға орындалмағаны туралы баяндауға міндетті.

10.2.6. Кеңсе меңгерушісі ЭҚЖ-да қарарды орындаушы жүйеде жауап беруді талап ететін хатты жауап-хатын дайындамай орындаған жағдайларды қадағалайды және олар туралы Басқарма Төрағасы – Ректорға баяндайды.

10.2.7. Қарарда мерзім көрсетілмеген жағдайда, ол бір ай ішінде орындалуы тиіс.

10.3. Телефонограммалар

10.3.1. Телефон арқылы ауызша жеткізілетін ақпарат Телефонограммалар журналында (СҚУ Н 403-11-25) тіркелуі тиіс. Жеке хабарламалар, жарнамалық хабарламалар, құттықтаулар және т.б. ерекше болып табылады.

10.3.2. Телефонограммаларды Кеңсе немесе телефонограмманы қабылдаған тұлға тіркейді.

10.3.3. Кеңсе келіп түскен телефонограммалар бойынша адрестелген тұлғаларға оның мазмұны туралы хабарлайды.

11. БӨЛІМШЕЛЕРДЕ ІС ЖҮРГІЗУ

11.1.1. Бөлімшелер ішінде құжаттардың басқарылуын қамтамасыз ету мақсатында:

- жеке кіріс хат-хабарды тіркеу журналы;

- жеке шығыс хат-хабарды тіркеу журналы;
- жеке телефонограммаларды тіркеу журналы жүргізіледі;
- жеке танысу журналы.

11.1.2. Факультет деканының өкімі, білім алушылардың анықтамалары және тағы сол сияқты арнайы журналдарға тіркелетін бөлімшенің шығыс хат-хабарына жатады.

11.1.3. Бөлімшеде шығыс хат-хабар ретінде қарастырылып жатқан құжаттың (ережелер, қағидалар, жоспарлар және т.б.) жобалары, әдістемелік әзірлемелер, жоспарлар, жоспарлардың көшірмелері тіркелмейді.

11.1.4. Бөлімшеге бөгде тұлғалардан және ұйымдардан келіп түскен кіріс хат-хабарлар міндетті түрде Кеңсеге тіркеу үшін берілуі қажет.

11.1.5. Бөлімшеге келіп түскен тіркелген нөмірлері бар құжаттар (бұйрық көшірмелері, өкімдер, ережелер және т.с.с.) Кіріс хат-хабарды тіркеу журналына (СҚУ Н 403-10-25) оларға кіріс тіркеу нөмірі қойылмай-ақ тіркелуі мүмкін.

12. ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару

№	Тәуекелдің атауы	Ықтимал салдары	Басқару тетіктері мен шаралары
1	Қызметтік құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптарды бұзу	Сыртқы органдар тарапынан іс жүргізуді тексеру кезінде алынған сәйкессіздіктер мен айыппұл санкциялары	1. Қызметкерлерді қызметтік құжаттамаға қойылатын талаптармен таныстыру 2. Оқыту семинарларын өткізу
2	Кіріс хат-хабарларына жауап беру мерзімдерін бұзу тәуекелі	Мемлекеттік ұйымдардың жұмысындағы кідіріс	Кеңсе тарапынан кіріс хат-хабарларды орындаудың тұрақты мониторингі
3	Бұйрықтарды, өкімдерді бұйрықты, өкімді орындауға жауапты адамдарға дейін жеткізбеу тәуекелі	Бұйрықтарды, өкімдерді орындамау	Бұйрықтың көшірмесін алушылардың тізбесі бар тармақты бұйрыққа енгізу.

ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН:

СДД директоры М. Погребицкая

ИЖБ жетекшісі Е. Брындина

КЕЛІСІЛДІ:

СЖҚҚҚ жетекшісі И. Джемалединова

ЗБ жетекшісі Л. Кудрицкая

Қосымша А

А. БҰЙРЫҚТАРДЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

А1. Бұйрық екі тілде ресімделеді: мемлекеттік және орыс тілдерінде.

А2. Бланкіде бұйрықтың бірінші беті басылады, қалған беттер (бар болса) А4 форматындағы таза ақ қағаз парақтарында басылады.

А3. Бұйрықты рәсімдеу кезінде СҚУ Н 403-01-25 нысаны қолданылады.

А4. Егер бұйрықта екі беттен артық болса – екінші және одан кейінгі беттер беттің жоғарғы жағында, ортасында араб цифрларымен нөмірленеді.

А5. Бұйрықтың тақырыбы қысқа және нақты құрылған болуы тиіс, оның негізгі мазмұнын көрсетуі және келесі сипаттағы сөздерден басталуы тиіс: «... тағайындау туралы», «... бөлу туралы», «... ақысы туралы», «... енгізу туралы», «…күшін жою туралы» және т.б.

А6. Негізгі қызмет бойынша бұйрықтың мәтіні айқындаушы (кіріспе) және өкімдік екі бөліктен тұрады.

А7. *Айқындаушы бөлікте (кіріспеде)* бұйрықты шығаруға негіз болған мақсаттар мен міндеттер, фактілер мен оқиғалар қысқаша баяндалады. Егер бұйрық басқа құжаттың негізінде шығарылса, онда айқындаушы бөлікте осы құжаттың атау септігінде, оның авторы, күні, нөмірі және тақырыбы көрсетіледі. Егер бұйрықтың мақсаттары түсіндіруді талап етпесе, бұйрықтың кіріспесі болмауы мүмкін. Бұйрық жобаларындағы кіріспе **"БҰЙЫРАМЫН"** деген сөзбен аяқталады, бас әріптермен, жартылай қалың қаріппен жазылады және оны басқа жолға ауыстыруға жол берілмейді.

А8. Бұйрықтың әкімшілік бөлігінің мәтінінде баяндаудың императивті нысаны болуы керек. Онда орындаушылар, олар белгілеген әрекеттер мен орындау мерзімдері көрсетілген. Қажет болған жағдайда өкімдік бөлік тармақтарға, тармақшаларға және абзацтарға бөлінеді.

А9. Тармақтар араб сандарымен (1, 2, 3,…) нөмірленеді. Бұйрықтың әрбір тармағы бұйыру әрекетінен немесе нақты тұлғаны көрсетуден басталуы мүмкін (оның лауазымының толық атымен).

А10. Орындау мерзімі бұйрықтың әрбір тармағында көрсетіледі немесе жалпы бір тармақта барлық бұйыру әрекеттері үшін белгіленеді.

А11. Бұйрықтың өкімдік бөлігінің соңғы тармағында Кеңсе бұйрықтың көшірмесін немесе одан үзінді көшірмені жіберуге тиісті адамдардың тізімі келтіреді.

А12. Бұйрықтың өкімдік бөлігінің соңғы тармағында осы бұйрықтың орындалуын бақылау жүктелген лауазымды тұлға көрсетіледі (департамент директорлары, Басқарма мүшелері, Басқарма Төрағасы – Ректор).

А13. Бұйрық мәтінінің астында бұйрыққа қол қоятын тұлғаның лауазымы және А.Т. (Басқарма Төрағасы – Ректор немесе өкілеттіктерді бөлу туралы бұйрыққа сәйкес Басқарма мүшесі) көрсетіледі.

А14. Бұйрықты келісу парағы не қағаз құжат айналымы жағдайында бұйрықтың соңғы бетінің артқы жағында орыс тілінде не бұйрық ЭҚЖ арқылы ресімделген жағдайда жеке бетте ресімделеді.

А15. Қосымшалар қамтылуы тиіс:

- қосымша нөмірі, бұйрықтың нөмірі мен күніне сілтеме келесі үлгіде:

  20__ жылғы «___» _____дағы (дегі) № _____ бұйрыққа

  /нөмір/ қосымша.

- қосымшаның атауы;
- қажетті қолтаңбалар мен визалар.

Егер қосымша біреу болса, оған нөмір қойылмайды.

А16. Егер басып шығарушы құжат бұрын шыққан бұйрықтың күшін жойса, соңғы тармақта «0000 жылғы 00 00-дағы(дегі) № 00 бұйрықтың күші жойылған деп есептеу (жарамсыз деп есептеу)» сипатта көрсетіледі. Егер бұйрық бұрын шыққан бұйрықтың тек қана бір (немесе бірнеше) тармағының күшін жойса, тиісті тармақтардың күші жойылады.

Қосымша Б

Б. БҰЙРЫҚТАРДЫ ЕНГІЗУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ ҚОЛ ҚОЮ РЕГЛАМЕНТІ

Бұйрық түрлері:

1. Жеке құрам бойынша (ЖҚ)
2. Іссапарлар бойынша (І)
3. Демалыс бойынша (Д)
4. Күндізгі оқу бойынша (КО)
5. Тәжірибе және жұмысқа орналастыру бойынша (Т)
6. Негізгі қызмет бойынша (НҚ)
7. ҮББИ бойынша (БАИ)

Бұйрық түрі	Бұйрықты келісетін тұлғалар	Бұйрыққа қол қоюшы тұлға
ЖҚ, Д	▪ HR-қызметінің жетекшісі (**бұйрық бастамашысы**) ▪ Кеңсе меңгерушісі ▪ РеК жетекшісі ▪ ЗБ жетекшісі ▪ ЭҚЖД директоры – бас бухгалтер ▪ СЖҚКҚ жетекшісі ▪ Бұйрықта аталған бөлімшенің қызметіне жетекшілік ететін Басқарма мүшесі	Басқарма Төрағасы – Ректор немесе бұйрықтарға қол қою жөніндегі өкілеттіктерді бөлуге сәйкес Басқарма мүшесі
І	▪ HR-қызметінің жетекшісі / ҒД/СЖЖД бөлімінің жетекшісі (**бұйрық бастамашысы**) ▪ Кеңсе меңгерушісі ▪ РеК жетекшісі ▪ ЗБ жетекшісі ▪ ЭҚЖД директоры – бас бухгалтер ▪ СЖҚКҚ жетекшісі ▪ Бұйрыққа бастамашы болған бөлімше бағынатын департамент директоры ▪ Бұйрықта аталған бөлімшенің қызметіне жетекшілік ететін Басқарма мүшесі	Басқарма Төрағасы – Ректор немесе бұйрықтарға қол қою жөніндегі өкілеттіктерді бөлуге сәйкес Басқарма мүшесі
КО	▪ АҚД жетекшісі / Foundation деканы (**бұйрық бастамашысы**) ▪ Кеңсе меңгерушісі ▪ РеК жетекшісі ▪ ЗБ жетекшісі/заңгер-кеңесші ▪ ЭЖҚД директоры – бас бухгалтер ▪ СЖҚКҚ жетекшісі ▪ Bursar's Office бас менеджері ▪ АҚД директоры	АМ жөніндегі Басқарма мүшесі
Т	▪ ДОжМО жетекшісі (**бұйрық бастамашысы**) ▪ Кеңсе меңгерушісі ▪ РеК жетекшісі ▪ ЗБ жетекшісі ▪ ЭЖҚД директоры – бас бухгалтер ▪ СЖҚКҚ жетекшісі	АМ жөніндегі Басқарма мүшесі
БАИ	▪ ҮББИ директоры (**бұйрық бастамашысы**) ▪ Кеңсе меңгерушісі ▪ РеК жетекшісі ▪ ЗБ жетекшісі ▪ ЭЖҚД директоры – бас бухгалтер ▪ СЖҚКҚ жетекшісі ▪ HR-қызметінің жетекшісі ▪ АҚД жетекшісі	АМ жөніндегі Басқарма мүшесі
НҚ	▪ Бөлімше жетекшісі / Департамент директоры (**бұйрық бастамашысы**) ▪ Кеңсе меңгерушісі ▪ РеК жетекшісі ▪ ЗБ жетекшісі ▪ ЭЖҚД директоры – бас бухгалтер ▪ СЖҚКҚ жетекшісі ▪ HR-қызметінің жетекшісі, бұйрықты ЭЖҚД енгізген жағдайда	Басқарма Төрағасы – Ректор немесе бұйрықтарға қол қою жөніндегі өкілеттіктерді бөлуге сәйкес Басқарма мүшесі

Бұйрық түрі	Бұйрықты келісетін тұлғалар	Бұйрыққа қол қоюшы тұлға
	▪ Қызметі бұйрықта қозғалатын бөлімшелердің жетекшілері ▪ Қызметі бұйрықта қозғалатын департамент директоры ▪ Бұйрыққа бастамашы болған бөлімше бағынатын департамент директоры ▪ Бұйрыққа бастамашы болған бөлімшенің қызметіне жетекшілік ететін Басқарма мүшесі ▪ Бұйрықта аталған бөлімшенің қызметіне жетекшілік ететін Басқарма мүшесі	

Қосымша В

В. ХАТТАМАЛАРДЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

В1. Университеттен тыс шықпайтын хаттамалар бланкіде рәсімделмейді.

В2. Хаттаманың күні өткізілген отырыстың күні болып табылады. (Мысалы, 2024 жылғы 12 наурыз). Егер отырыс бірнеше күнге жалғасса, басталған күні мен аяқталған күнін сызықша арқылы көрсетеді (2024 жылғы 12-14 наурыз).

В3. Хаттамаларға күнтізбелік немесе оқу жылы шегінде, алқалы қызметтің әрбір түрі (отырыстар, жиналыстар, кеңестер және т.б.) бойынша жеке-жеке реттік нөмірлер беріледі.

В4. Хаттаманың тақырыбы алқалы қызмет түрін (отырыс, жиналыс, кеңес), сондай-ақ, ілік септікте алқа мүшесінің атын көрсетуден тұрады. Мысалы: «Басқарма отырысының № 2 ХАТТАМАСЫ».

В5. Хаттама мәтіні екі бөлімді қамтиды: кіріспе және негізгі.

В6. Хаттаманың **кіріспе бөлімінде** төрағаның (төрағалық етушінің), хатшының, қатысушылардың аты-жөнінің бірінші әрпі, тегі және күн тәртібі көрсетіледі.

В7. Қатысушылардың аты-жөнінің бірінші әрпін, тегін әліпби ретімен, үтір арқылы, бір бағанда орналастырады. Егер қатысушылардың саны 10-нан асса, олардың жалпы саны және қасында жақшада «тізім қосылады» белгісімен көрсетіледі.

В8. Күн тәртібіндегі мәселелер күн тәртібінің әрбір тармағы бойынша баяндамашыны (оның есімінің бас әріптері, тегі, лауазымы) көрсете отырып, олардың маңыздылығы тәртібімен санамаланады. Әрбір мәселе абзацтан басылады, араб санымен нөмірленеді және оның атауы «туралы» деген сылтаумен басталады. Күн тәртібі хаттамаға қосымшамен ресімделген жағдайда, хаттамада мәтіннің алдында «күн тәртібі қоса беріледі» деген жазу жазылады.

В9. Хаттаманың **негізгі бөлігі** күн тәртібінің тармақтарына сәйкес келетін бөлімдерден тұрады. Әр бөлім үш бөліктен тұрады: «ТЫҢДАДЫ», «СӨЗ СӨЙЛЕДІ», «ҚАУЛЫ ЕТТІ» («ШЕШТІ»), олар сол жақ жиектен бас әріптермен басылады.

